



**"Болашақ" халықаралық стипендиясын іске асыру бойынша кейбір шаралар туралы"
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2015
жылғы 22 мамырдағы № 318 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 24 шілдедегі № 371 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 3 тамызда № 17266 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Болашақ" халықаралық стипендиясын іске асыру бойынша кейбір шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 22 мамырдағы № 318 бұйрығына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11258 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 10 маусымда жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Болашақ" халықаралық стипендиясы тағайындалуына үміткерлер үшін мемлекеттік және шет тілдерін білуінің, сондай-ақ пәндік емтихандардың қажетті ең төменгі деңгейі осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген жұмыс берушінің маман даярлауға өтінімі нысанында:

нысанның тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Жұмыс орнын сақтау шартымен жұмыс берушінің маман даярлауға өтінімі";

көрсетілген бұйрыққа 3-қосымша алынып тасталсын;

көрсетілген бұйрыққа 4-қосымшаның оң жақтағы жоғарғы бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым
министрінің міндетін
атқарушының 2015 жылғы 22
мамырдағы № 318 бұйрығына
3-қосымша";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Болашақ" халықаралық стипендиясы тағайындалуына үміткерлер үшін тағылымдамадан өту бағдарламасына қойылатын талаптарда:

талаптардың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Тағылымдамадан өту бағдарламасына қойылатын талаптар";

көрсетілген бұйрыққа 5-қосымшаның оң жақтағы жоғарғы бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым
министрінің міндетін
атқарушының 2015 жылғы
22 мамырдағы № 318 бұйрығына
4-қосымша";

көрсетілген бұйрыққа 6-қосымшаның оң жақтағы жоғарғы бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым
министрінің міндетін
атқарушының 2015 жылғы 22
мамырдағы № 318 бұйрығына
5-қосымша";

көрсетілген бұйрыққа 7-қосымшаның оң жақтағы жоғарғы бұрышы мындай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым
министрінің міндетін
атқарушының 2015 жылғы 22
мамырдағы № 318 бұйрығына
6-қосымша";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген тілдік курстар ұзақтығының кестесі осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң қызметі және халықаралық ынтымақтастық департаменті (Н.Ә. Байжанов) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін баспа және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі Т.И. Ешенкуловқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрі*

Е. Сағадиев

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің

2018 жылғы 24 шілдедегі № 371
бұйрығына 1-қосымша
Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
міндетін атқарушының
2015 жылғы 22 мамырдағы
№ 318 бұйрығына 1-қосымша

"Болашақ" халықаралық стипендиясы тағайындалуына үміткерлер үшін мемлекеттік және шет тілдерін білуінің, сондай-ақ пәндік емтихандардың қажетті ең төменгі деңгейі "Болашақ" халықаралық стипендиясы тағайындалуына үміткерлер үшін мемлекеттік тілді білуінің қажетті ең төменгі деңгейі

| Тест блоктары | Тест тапсырмаларының жалпы саны | Жеткілікті болып табылатын дұрыс жауаптардың саны | Пайыздық ара қатынас |
|----------------------------|---------------------------------|---|----------------------|
| Тыңдалым | 150 | 75 | 50% |
| Лексика-грамматикалық тест | | | |
| Оқылым | | | |

Ескерту: мемлекеттік тіл бойынша емтиханды (КАЗТЕСТ) А2 және одан жоғары деңгеймен тапсырғаны туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Ұлттық тестілеу орталығы" РМК берген ресми сертификатты ұсынған тұлғалар мемлекеттік тілді білу деңгейін анықтау бойынша тестілеуден босатылады.

"Болашақ" халықаралық стипендиясы тағайындалуына үміткерлер үшін шет тілін білуінің қажетті ең төменгі деңгейі

| № | Болжалды оқу елі | Санаттар | Оқу тілі | Бірінші межелік деңгей | Мамандық бағыты* | Екінші межелік деңгей | үшінші межелік деңгей | Ескерту |
|----|------------------|--|----------|--|----------------------------------|----------------------------------|---|--|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| 1. | Аустралия | Тағылымдама | Ағылшын | IELTS: 9.0-ден 5.0 | Гуманитарлық , Техникалық, | – | – | |
| | | Инженерлік-техникалық қызметкер Докторантураға/ резидентураға өз бетімен түскен | | TOEFL: ИТР**/ PBT 677-ден 417, IBT 120 -дан 35 | | IELTS: 9.0-ден 6.0 | IELTS: 9.0-ден 7.0 | |
| | | Мемлекеттік қызметші Ғылыми-педагог қызметкер | | IELTS: 9.0-ден 5.5 TOEFL: | | Гуманитарлық , Техникалық, | IELTS: 9.0-ден 6.0 TOEFL: ИТР**/PBT 677- ден 500, IBT 120-дан 60 | IELTS: 9.0-ден 7.0 TOEFL: ИТР**/PBT 677- ден 600, IBT 120-дан 100 |

| | | | | | | | | | | | |
|--|--|---|---|---|--|---|---|--|--|---------------------------|---------------------------|
| | | Мәдениет қызметкері, шығармашыл қызметкер БАҚ редакциясы қызметкері | | ІТР**/РВТ 677-ден 457, IBT 120-дан 46 | Медициналық | | | | | | |
| | | Жалпы конкурс | | – | – | | IELTS: 9.0-ден 6.5 TOEFL: ІТР**/РВТ 677-ден 550, IBT 120-дан 79 | | | | |
| 2. | Аустрия Республикасы, Германия Федеративтік Республикасы** * | Тағылымдама | Ағылшын /Неміс | IELTS: 9.0-ден 5.0 TOEFL: ІТР**/РВТ 677-ден 417, IBT 120-дан 35 | Гуманитарлық , Техникалық, Медициналық | – | – | Герман Федеративтік Республикасы академия бағдарламасы бойынша үміткерлер комиссиясы ағымдағы жұмыстарды жетілдіріп, кейбір "магистр" бағдарламасына түскендердің емтихан тапсыру мамандық байланы | | | |
| | | Инженерлік-техникалық қызметкер Докторантураға/ резидентураға өз бетімен түскен | | IELTS: 9.0-ден 5.5 TOEFL: ІТР**/РВТ 677-ден 457, IBT 120-дан 46 | | IELTS: 9.0-ден 6.0 TOEFL: ІТР**/РВТ 677-ден 500, IBT 120-дан 60 Goethe-Zertifikat A1 DAAD 10-нан 5.0 OnSet A2 | IELTS: 9.0-ден 7.0 TOEFL: ІТР**/РВТ 677-ден 600, IBT 120-дан 100 Goethe-Zertifikat C1 Test-DaF 4; DSH 2 | | | | |
| | | Мемлекеттік қызметші Ғылыми-педагог қызметкер Мәдениет қызметкері, шығармашыл қызметкер БАҚ редакциясы қызметкері | | – | | – | IELTS: 9.0-ден 6.5 TOEFL: ІТР**/РВТ 677-ден 550, IBT 120-дан 79 Goethe-Zertifikat C1 Test-DaF 4; DSH 2 | | | | |
| | | Жалпы конкурс | | – | | – | IELTS: 9.0-ден 6.5 TOEFL: ІТР**/РВТ 677-ден 550, IBT 120-дан 79 Goethe-Zertifikat C1 Test-DaF 4; DSH 2 | | | | |
| Бельгия Корольдігі, Бразилия Федеративтік Республикасы, Ұлыбритания, Дания Корольдігі, Үндістан Республикасы, Ирландия, Латвия | Тағылымдама | Инженерлік-техникалық қызметкер Докторантураға/ резидентураға өз бетімен түскен | IELTS: 9.0-ден 5.0 TOEFL: ІТР**/РВТ 677-ден 417, IBT 120-дан 35 | – | – | – | – | | | | |
| | | | | | | | | | | IELTS: 9.0-ден 6.0 TOEFL: | IELTS: 9.0-ден 7.0 TOEFL: |
| | | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | |
|----|--|---|------------------|--|---------------------------------------|--|---|---|
| 3. | Республикасы, Литва Республикасы, Макао, Мексика Құрама Штаттары, Жаңа Зеландия, Сингапур Республикасы, Тайвань, Чили Республикасы, Швеция Корольдігі, Эстония Республикасы, Оңтүстік Африка Республикасы** * | Мемлекеттік қызметші Ғылыми-педагог қызметкер Мәдениет қызметкері, шығармашыл қызметкер БАҚ редакциясы қызметкері | Ағылшын | IELTS: 9.0-ден 5.5 TOEFL: ITR**/PBT 677-ден 457, IBT 120-дан 46 | Гуманитарлық, Техникалық, Медициналық | ITP**/PBT 677-ден 500, IBT 120-дан 60 | ITP**/PBT 677-ден 600, IBT 120-дан 100 | Дания К Бельги Король, Латви Республ Доктора резидент бетімен санаты ғана |
| | | Жалпы конкурс | – | – | – | IELTS: 9.0-ден 6.5 TOEFL: ITR**/PBT 677-ден 550, IBT 120-дан 79 | | |
| 4. | Италия Республикасы** * | Тағылымдама | Ағылшын /Итальян | IELTS: 9.0-ден 5.0 TOEFL: ITR**/PBT 677-ден 417, IBT 120-дан 35 | Гуманитарлық, Техникалық, Медициналық | – | – | Итальян оқуға үм конкур қатысуғ С E L I сертифи болғанд жіберіле |
| | | Инженерлік-техникалық қызметкер Докторантураға/ резидентураға өз бетімен түскен | | IELTS: 9.0-ден 5.5 TOEFL: ITR**/PBT 677-ден 457, IBT 120-дан 46 | | IELTS: 9.0-ден 6.0 TOEFL: ITR**/PBT 677-ден 500, IBT 120-дан 60 CILS A2/CELI 1 | IELTS: 9.0-ден 7.0 TOEFL: ITR**/PBT 677-ден 600, IBT 120-дан 100 CILS Tre-C1/CELI 4 | |
| | | Мемлекеттік қызметші Ғылыми-педагог қызметкер Мәдениет қызметкері, шығармашыл қызметкер БАҚ редакциясы қызметкері | | – | | – | IELTS: 9.0-ден 6.5 TOEFL: ITR**/PBT 677-ден 550, IBT 120-дан 79 CILS Tre-C1/CELI 4 | |
| | | Жалпы конкурс | – | – | – | – | | |
| | | Тағылымдама | | IELTS: 9.0-ден 5.0 TOEFL: | | – | – | "Магистр доктора |
| | | Инженерлік-техникалық | | | | | | |

| | | | | | | | | |
|----|---------------------------------------|--|-------------------|--|---|---|--|--|
| 5. | Канада, Америка Құрама Штаттары | қызметкер Докторантураға/ резидентураға өз бетімен түскен | Ағылшын | ІТР**/ PBT 677-ден 417, IBT 120 -дан 35 | Гуманитарлық , Техникалық, Медициналық | IELTS: 9.0-ден 6.0 TOEFL: ІТР**/PBT 677- ден 500, IBT 120-дан 60 | IELTS: 9.0-ден 7.0 TOEFL: ІТР**/PBT 677- ден 600, IBT 120-дан 100 | бағдарла түскенд G M A емтихағ тапсыру маманды бағдарл байлань Жарамд сертифи болмағ жағдай үміткер конкурс іріктеуд шеңбері тілін м |
| | | Мемлекеттік қызметші Ғылыми-педагог қызметкер Мәдениет қызметкері, шығармашыл қызметкер БАҚ редакциясы қызметкері | | IELTS: 9.0-ден 5.5 TOEFL: ІТР**/ PBT 677-ден 457, IBT 120 -дан 46 | | IELTS: 9.0-ден 6.0 TOEFL: ІТР**/PBT 677- ден 500, IBT 120-дан 60 | | |
| | | Жалпы конкурс | | – | | – | | |
| 6. | Қытай Халық Республикасы** * | Тағылымдама | Ағылшын /Қытай | IELTS: 9.0-ден 5.0 TOEFL: ІТР**/ PBT 677-ден 417, IBT 120 -дан 35 | Гуманитарлық , Техникалық, Медициналық | – | – | Қытай оқуға үм конкурс қатысуғ сертифи болғанд жіберіле "Резиде бағдарл бойынш қытай ті жүзеге асырыла |
| | | Инженерлік-техникалық қызметкер Докторантураға/ резидентураға өз бетімен түскен | | IELTS: 9.0-ден 5.5 TOEFL: ІТР**/ PBT 677-ден 457, IBT 120 -дан 46 | | IELTS: 9.0-ден 6.0 TOEFL: ІТР**/PBT 677- ден 500, IBT 120-дан 60 | IELTS: 9.0-ден 7.0 TOEFL: ІТР**/PBT 677- ден 600, IBT 120-дан 100 | |
| | | Мемлекеттік қызметші Ғылыми-педагог қызметкер Мәдениет қызметкері, шығармашыл қызметкер БАҚ редакциясы қызметкері | | – | | – | IELTS: 9.0-ден 6.5 TOEFL: ІТР**/PBT 677- ден 550, IBT 120-дан 79 | |
| | | Жалпы конкурс | | – | | – | IELTS: 9.0-ден 6.5 TOEFL: ІТР**/PBT 677- ден 550, IBT 120-дан 79 | HSK 6-ншыдан 5-деңгейі |
| | | Тағылымдама | | | | – | – | |

| | | | | | | | | |
|----|----------------------------|--|---------------------|--|---|---|---|---|
| 7. | Нидерланд Корольдігі*** | Инженерлік-техникалық қызметкер Докторантураға/ резидентураға өз бетімен түскен | Ағылшын /Голланд | IELTS: 9.0-ден 5.0 TOEFL: ИТР**/ PBT 677-ден 417, IBT 120 -дан 35 | Гуманитарлық , Техникалық, Медициналық | IELTS: 9.0-ден 6.0 TOEFL: ИТР**/PBT 677- ден 500, IBT 120-дан 60 | IELTS: 9.0-ден 7.0 TOEFL: ИТР**/PBT 677- ден 600, IBT 120-дан 100 | Голланд оқуға үм конкур қатысуғ P A T сертифи болғанд жіберіле "Магист бағдарл: түскенд G M A емтиха: тапсыру маманд байланы |
| | | Мемлекеттік қызметші Ғылыми-педагог қызметкер Мәдениет қызметкері, шығармашыл қызметкер БАҚ редакциясы қызметкері | | IELTS: 9.0-ден 5.5 TOEFL: ИТР**/ PBT 677-ден 457, IBT 120 -дан 46 | | PTIT (A2) | PAT (C1) | |
| | | Жалпы конкурс | | – | | – | IELTS: 9.0-ден 6.5 TOEFL: ИТР**/PBT 677- ден 550, IBT 120-дан 79 PAT (C1) | |
| 8. | Норвегия Корольдігі*** | Тағылымдама | Ағылшын /Норвег | IELTS: 9.0-ден 5.0 TOEFL: ИТР**/ PBT 677-ден 417, IBT 120 -дан 35 | Гуманитарлық , Техникалық, Медициналық | – | – | Норвег оқуға үм конкур қатысу Norskpr Bergent сертифи болғанд жіберіле |
| | | Инженерлік-техникалық қызметкер Докторантураға/ резидентураға өз бетімен түскен | | IELTS: 9.0-ден 5.5 TOEFL: ИТР**/ PBT 677-ден 457, IBT 120 -дан 46 | | IELTS: 9.0-ден 6.0 TOEFL: ИТР**/PBT 677- ден 500, IBT 120-дан 60 | IELTS: 9.0-ден 7.0 TOEFL: ИТР**/PBT 677- ден 600, IBT 120-дан 100 | |
| | | Мемлекеттік қызметші Ғылыми-педагог қызметкер Мәдениет қызметкері, шығармашыл қызметкер БАҚ редакциясы қызметкері | | – | | Norskprøve 2 (A2) | Bergentest (C1) | |
| | | Жалпы конкурс | | – | | – | IELTS: 9.0-ден 6.5 TOEFL: ИТР**/PBT 677- ден 550, | |

| | | | | | | | | |
|----|-------------------------------|---|------------------|--|---|---|--|---|
| | | | | | | | IBT 120-дан 79 Bergentest (C1) | |
| 9. | Ресей Федерациясы | Инженерлік-техникалық қызметкер Мемлекеттік қызметші Ғылыми-педагог қызметкер Мәдениет қызметкері, шығармашыл қызметкер БАҚ редакциясы қызметкері | Орыс | – | Гуманитарлық, Техникалық, Медициналық | – | Пәндік емтихандар | |
| 10 | Финляндия Республикасы** * | Тағылымдама Докторантураға/ резидентураға өз бетімен түскен | Ағылшын /Фин | IELTS: 9.0-ден 5.0 TOEFL: ITP**/ PBT 677-ден 417, IBT 120-дан 35 | Гуманитарлық, Техникалық, Медициналық | – IELTS: 9.0-ден 6.0 TOEFL: ITP**/PBT 677-ден 500, IBT 120-дан 60 YKI 3 (B1) | – IELTS: 9.0-ден 7.0 TOEFL: ITP**/PBT 677-ден 600, IBT 120-дан 100 YKI 5 (C1) | Фин тіл үміткер конкур қатысуғ болғанд жіберіле |
| 11 | Француз Республикасы** * | Тағылымдама Инженерлік-техникалық қызметкер Докторантураға/ резидентураға өз бетімен түскен Мемлекеттік қызметші Ғылыми-педагог қызметкер Мәдениет қызметкері, шығармашыл қызметкер БАҚ редакциясы қызметкері Жалпы конкурс | Ағылшын /Француз | IELTS: 9.0-ден 5.0 TOEFL: ITP**/ PBT 677-ден 417, IBT 120-дан 35 IELTS: 9.0-ден 5.5 TOEFL: ITP**/ PBT 677-ден 457, IBT 120-дан 46 | Гуманитарлық, Техникалық, Медициналық | – IELTS: 9.0-ден 6.0 TOEFL: ITP**/PBT 677-ден 500, IBT 120-дан 60 TCF 100 DELFA1 | – IELTS: 9.0-ден 7.0 TOEFL: ITP**/PBT 677-ден 600, IBT 120-дан 100 TCF 500 DALF C1 IELTS: 9.0-ден 6.5 TOEFL: ITP**/PBT 677-ден 550, IBT 120-дан 79 TCF 500 DALF C1 | |
| | | Тағылымдама | | | | – | – | |

| | | | | | | | | |
|----|------------------------------------|--|-------------------------------|--|---|---|--|--|
| 12 | Швейцария Конфедерациясы *** | Инженерлік-техникалық қызметкер Докторантураға/ резидентураға өз бетімен түскен | Ағылшын /Француз /Неміс | IELTS: 9.0-ден 5.0 TOEFL: ИТР**/ PBT 677-ден 417, IBT 120 -дан 35 | Гуманитарлық , Техникалық, Медициналық | IELTS: 9.0-ден 6.0 TOEFL: ИТР**/PBT 677- ден 500, IBT 120-дан 60 TCF 100 DEL F A1 Goethe-Zertifikat A1 DAAD 10-нан 5.0 OnSet A2 | IELTS: 9.0-ден 7.0 TOEFL: ИТР**/PBT 677- ден 600, IBT 120-дан 100 TCF 500 DALF C1 Goethe-Zertifikat C1; Test-DaF 4; DSH 2 | Францу бойынш курстар. Франц Республ ж ү з е г е асырыла |
| | | Мемлекеттік қызметші Ғылыми-педагог қызметкер Мәдениет қызметкері, шығармашыл қызметкер БАҚ редакциясы қызметкері | | IELTS: 9.0-ден 5.5 TOEFL: ИТР**/ PBT 677-ден 457, IBT 120 -дан 46 | | | | |
| | | Жалпы конкурс | | – | | – | IELTS: 9.0-ден 6.5 TOEFL: ИТР**/PBT 677- ден 550, IBT 120-дан 79 Goethe-Zertifikat C1; Test-DaF 4; DSH 2 | |
| 13 | Корей Республикасы** * | Тағылымдама | Ағылшын /Корей | IELTS: 9.0-ден 5.0 TOEFL: ИТР**/ PBT 677-ден 417, IBT 120 -дан 35 | Гуманитарлық , Техникалық, Медициналық | – | – | Корей оқуға үм конкур қатысуғ. Proficie: Korean сертифи болғанд жіберіле |
| | | Инженерлік-техникалық қызметкер Докторантураға/ резидентураға өз бетімен түскен | | IELTS: 9.0-ден 5.5 TOEFL: ИТР**/ PBT 677-ден 457, IBT 120 -дан 46 | | IELTS: 9.0-ден 6.0 TOEFL: ИТР**/PBT 677- ден 500, IBT 120-дан 60 ТОPIK (level 1) | IELTS: 9.0-ден 6.5 (әр блок бойынша кемінде 6.0) TOEFL: ИТР**/PBT 677- ден 550, IBT 120-дан 79 ТОPIK (level 5) | |
| | | Мемлекеттік қызметші Ғылыми-педагог қызметкер Мәдениет қызметкері, шығармашыл қызметкер БАҚ редакциясы қызметкері | | – | | – | – | |

**Бұл санаттың сертификаттары "Болашақ" халықаралық стипендиясына конкурс шеңберінде тестілеуден өту нәтижесінде алынған жағдайда қабылданады.

***Көрстетілген елдер үшін ағылшын тілі бойынша тілдік курстардан өту Ұлыбританиядағы тілдік мектептерде жүзеге асырылады.

Бірінші сатылық деңгей – Қазақстан Республикасының аумағындағы тілдік курстарға жіберу үшін.

Екінші сатылық деңгей – шетелдегі тілдік курстарға жіберу үшін.

Үшінші сатылық деңгей – академиялық оқуға жіберу үшін.

Қазақстан Республикасының аумағындағы мерзімі 3 (үш) айдан аспайтын тілдік курстар аяқталғаннан кейін шетелдегі тілдік курстарға жіберу үшін CEFR (Common European Framework of Reference for Languages) шет тілін меңгеру бойынша жалпы еуропалық біліктіліктер стандарттарына сәйкес ағылшын тілін B2 деңгейінде білу деңгейін анықтауға арналған бақылау тестін тапсыру мүмкін.

Емтихандардың атаулары бойынша ақпарат:

IELTS (International English Language Testing System – Интернэйшэнал Инглиш Лэнгуич Тестинг Систэм) – ағылшын тілін білуді тестілеудің халықаралық жүйесі;

TCF (Test de connaissance du français - Тест де конэсонс дью фронсэ) – француз тілін білу тесті;

DELF (Diplome d'Etudes en Langue Francaise – Дипломэ тьюд он Лонг Фронсэз) – француз тілін білуі туралы диплом;

DALF (Diplome Approfondi de Langue Francaise – Дипломэ Апрофонди ду Лонг Фронсез) – француз тілін терең білуі туралы диплом;

HSK (Hanyu Shuiping Kaoshi - Ханьюй Шуйпин Каоши) – шетелдіктерді, қытай эмигранттарды және аз ұлттар өкілдерін қоса алғанда, қытай тілінде сөйлемейтін адамдардың қытай тілін білу деңгейін сертификаттауға арналған ҚХР мемлекеттік емтиханы;

Nouryekushiken (НорҰкушикэн) - жапон тілін білу деңгейін анықтау емтиханы;

ТОPIK (Test of Proficiency in Korean – Тест оф Профишэнси ин Кориан) – корей тілін білу деңгейін анықтау емтиханы;

GRE (Graduate Record Examination – Градьюэйт Рекорд Экзаминэйшн) – нақты мамандық бойынша негізгі білімін тестілеу;

GMAT (General Management Admission Test – Дженерал Мэнэджмент Адмишэн Тест) – менеджмент саласындағы білім деңгейі мен біліктілігін анықтаудың электрондық тесті;

DELE (Diplomas de Español como Lengua Extranjera – Дипломас дэ Эспаньол комо Лингуа Икстранхера) – шет тілі ретінде испан тілін білу сертификаты;

CILS (Certificazione di Italiano come Lingua Straniera – Цертификационе ди Итальяно комэ Лингуа Страниера) – шет тілі ретінде итальян тілін білу деңгейін растаушы сертификат;

CELI (Certificatos di Conoscenza della Lingua Italiana – Сертификатос ди Коношэнза делля Лингуа Италияна) – шет тілі ретінде итальян тілін білу сертификаты;

Norskprøve, Bergentest (Нуржкпрэва, Баргентест) – шет тілі ретінде норвег тілін білу сертификаты;

PTIT (Profile Tourist and Informal Language Proficiency – Профайл Турист энд Информал Лэнгуич Профишэнси) – шет тілі ретінде голланд тілін білу сертификаты;

PAT (Profile academic and professional language proficiency - Профайл Акадэмик энд Профэшэнал Лэнгуич Профишэнси) – академиялық голланд тілін меңгеру деңгейін анықтау бойынша емтихан;

TestDaF (Test Deutsch als Fremdsprache – Тест Дойч альс Фремдшпрахэ) – Тест DaF Германияда оқу үшін қажетті неміс тілі деңгейін тексеретін тест. Бұл емтиханды әлем бойынша лицензияланған орталықтарда, сонымен қатар, Қазақстанда тапсыруға болады ;

Goethe-Zertifikat (ГҰте Сертификат) – Неміс тілін білуін растау үшін қажетті ГҰте-Институтының сертификаты. ГҰте-институтында сертификат алу үшін емтиханды ГҰте-институттарында да, біздің әріптестеріміз болып табылатын емтихан алу орталықтарында да тапсыруға болады;

OnSet (ОнСэт) – неміс тілі деңгейін анықтауға арналған тест;

DSH (Deutsche Sprachprüfung für den Hochschulzugang – Дойч Шпрахпрюфунг фюр ден Хохшультцуганг) – DSH емтиханы Германиядағы жоғары оқу орындарының біріне түсу үшін қажет. DSH емтиханы Германия жоғары оқу орындарында кезекті семестрлер басталғанға дейін 3-4 апта бұрын тапсырылады;

TOEFL (Test of English as a Foreign Language - Тест оф Инглиш ас э Форейн Лэнгуич) – шет тілі ретінде ағылшын тілі бойынша тест мынадай түрлерге бөлінеді;

ITP (Institutional Testing Program - Инститьюшэнал Тестинг Програм) – үміткерлердің тілдік дайындығын алдын ала анықтауға арналған бейресми тест;

PBT (Paper-based test – Пэйпер-бэйзд тест) – қағаз жеткізгіштегі ресми тест;

IBT(Internet-based test – Интернет-бейзд тест) – Интернет арқылы тапсырылатын ресми тест.

CEFR (Common European Framework of Reference for Languages – Камон Еуропиан Фрэмворк оф Рэфэрэнс фор Лэнгуэджэс) - Шет тілін меңгеру бойынша жалпы еуропалық біліктіліктер стандарттар.

YKI (Yleiset Kielitutkinnot – Уляиссэт Киелитуткиннот) – фин тілін меңгеру деңгейін анықтау бойынша емтихан;

DAAD (Deutscher Akademischer Austauschdienst – Дойчэ Акадэмишер Аустаушдинст) – неміс академиялық алмасу қызметі;

PMT (Profile societal language proficiency – Профайл Сосайэтал Лэнгуич Профишэнси) – ауызекі голланд тілін меңгеру деңгейін анықтау бойынша емтихан;

PPT (Profile professional language proficiency - Профайл Профэшэнал Лэнгуич Профишэнси) – кәсіби голланд тілін меңгеру деңгейін анықтау бойынша емтихан.

"Болашақ" халықаралық стипендиясын тағайындауға үміткерлер үшін пәндік емтихандардың қажетті ең төменгі деңгейі

| | |
|---------------|----------------------------|
| Емтихан атауы | Бастапқы балл |
| Орыс тілі | "Жақсы" бағасынан кем емес |

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2018 жылғы 24 шілдедегі № 371
бұйрығына 2-қосымша
Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
міндеттерін атқарушының
2015 жылғы 22 мамырдағы № 318
бұйрығына 8-қосымша

Тілдік курстар ұзақтығының кестесі

| № | Тілдік курстардан өту елі | Мамандық бағыты | Бағдарлама | Тіл | Тілді білу деңгейі | Тілдік курстардан өту мерзімі | |
|----|---|---|---|---------|--|-------------------------------|------------|
| | | | | | | Қазақстан Республикасында * | шетелде ** |
| 1. | Аустралия, Ұлыбритания, Ирландия, Канада, Америка Құрама Штаттары | Техникалық Медициналық Гуманитарлық | Магистратура Докторантура Резидентура | Ағылшын | ***IELTS 5.0; TOEFL ITP/PBT 417-456; TOEFL IBT 35-45 | 6 ай | 6 ай |
| | | | | | IELTS 5.5; TOEFL ITP/PBT 457-499; TOEFL IBT 46-59 | 3 ай | 6 ай |
| | | | | | IELTS 6.0; TOEFL ITP/PBT 500-549; TOEFL IBT 60-78 | - | 6 ай |
| | | | | | ****IELTS 6.5; TOEFL ITP/PBT 550-599; TOEFL IBT 79-99 | - | 3 ай |
| 2. | Аустрия Республикасы, Германия Федеративтік | Техникалық | Магистратура Докторантура | Неміс | Goethe-Zertifikat A1 SD2: Start Deutsch 2 OnSet A2 DAAD 5.0 из 10 | - | 12 ай |

| | | | | | | | | |
|----|--------------------------------------|-------------------------------------|---------------------------------------|---------|---|---|-------|----------------------|
| | Республикасы, Швейцария Конфедерация | Медициналық Гуманитарлық | Резидентура | | Goethe-Zertifikat A2 OnSet A2 | - | 9 ай | |
| | | | | | Goethe-Zertifikat B1 OnSet B1 | - | 6 ай | |
| 3. | Италия Республикасы | Техникалық Медициналық Гуманитарлық | Магистратура Докторантура Резидентура | Итальян | CILS A2/CELI 1 | - | 12 ай | |
| | | | | | CILS B1/CELI 2 | - | 9 ай | |
| | | | | | CILS B2/CELI 3 | - | 6 ай | |
| 4. | Қытай Халық Республикасы | Техникалық Медициналық Гуманитарлық | Магистратура Резидентура Докторантура | Қытай | HSK 3 HSK 6-дан | - | 12 ай | |
| | | | | | HSK 4 HSK 6-дан | - | 9 ай | |
| | | | | | HSK 5 HSK 6-дан | - | 6 ай | |
| 5. | Нидерланд Корольдігі | Техникалық Медициналық Гуманитарлық | Магистратура Докторантура Резидентура | Голланд | PTIT (A2) | - | 12 ай | |
| | | | | | PMT (B1) | - | 9 ай | |
| | | | | | PPT (B2) | - | 6 ай | |
| 6. | Норвегия Корольдігі | Техникалық Медициналық Гуманитарлық | Магистратура Докторантура Резидентура | Норвег | Norskprøve 2 (A2) | - | 12 ай | |
| | | | | | Norskprøve 3 (B1) | - | 9 ай | |
| | | | | | Bergentest (B2) | - | 6 ай | |
| 7. | Финляндия Республикасы | Техникалық Медициналық Гуманитарлық | Докторантура Резидентура | Фин | YKI 3 (B1) | - | 12 ай | |
| | | | | | YKI 4 (B2) | - | 9 ай | |
| 8. | Француз Республикасы | Техникалық Медициналық Гуманитарлық | Магистратура Докторантура Резидентура | Француз | DELFA1/TCF 100-199 | - | 12 ай | |
| | | | | | DELFB1/TCF 200-299 | - | 9 ай | |
| | | | | | DELFB2/TCF 300-399 | - | 6 ай | |
| 9. | Корей Республикасы | Техникалық Медициналық Гуманитарлық | Магистратура Докторантура Резидентура | Корей | TOPIK (level 1) | - | 12 ай | |
| | | | | | TOPIK (level 2) | - | 9 ай | |
| | | | | | TOPIK (level 3) | - | 6 ай | |
| 10 | Жапония | Техникалық Медициналық Гуманитарлық | Магистратура Докторантура Резидентура | Жапон | Nouryekushiken 5-денгей | - | 12 ай | |
| | | | | | Nouryekushiken 4-денгей | - | 9 ай | |
| | | | | | IELTS 9.0-ден 6.5 дейін және қоса; TOEFL: ITP/PBT 550 дейін және қоса; IBT 79 дейін және қоса | | 2 ай | |
| | | | | | Голланд | | | PAT (C1) |
| | | | | | Итальян | | | CILS Tre - C1/CELI 4 |
| | | | | | Қытай | | | HSK 5 HSK 6-дан |
| | | | | | Корей | | | TOPIK (level 4) |

| | | | | | | | |
|----|---|--------------------------------------|--------------|---------|--|---|------|
| 11 | Магистратура алдындағы дайындық (Pre-Sessional Course)***** | Техникалық (Медициналық Гуманитарлық | Магистратура | Неміс | Goethe-Zertifikat C1 Test-DaF 4; DSH 2 | - | 1 ай |
| | | | | Норвег | Bergentest (C1) | | |
| | | | | Француз | TCF 500 DALF C1 | | |
| | | | | Жапон | Nouryekushiken 1-деңгейі | | |
| | | | | Ағылшын | IELTS 9.0-ден 7,0 дейін және қоса (әр блок бойынша кемінде 6.5); TOEFL: ITP/PBT 600 дейін және қоса; IBT 100 дейін және қоса | | |
| | | | | Итальян | CILS Quattro - C2 /CELI5 | | |
| | | | | Қытай | HSK 6 HSK 6-ден | | |
| | | | | Корей | TOPIK (level 5) | | |
| | | | | Неміс | Goethe-Zertifikat C2 Test-DaF 4; DSH 2 | | |
| | | | | Норвег | Bergentest (C1) | | |
| | | | | Француз | TCF 500 DALF C2 | | |

Ескерту:

*тағылымдамадан өту санаты бойынша үміткерлер үшін тілдік курстардан өту ұзақтығы – 6 ай. Тағылымдамадан өтуге шақыру хатында тілдік курстардың одан аз мерзімі көрсетілген жағдайда, тілдік курстардың ұзақтығы шақыру хатына сәйкес белгіленеді.

**жоғары оқу орындарына түсу үшін қажетті деңгейіне дейін, бірақ осы кестеде көрсетілген мерзімінен аспай. Стипендиат тілдік курстардың толық курсының қорытындысы бойынша академиялық оқуға шетелдік университеттерге түсу үшін қажетті деңгейді растау үшін бақылау тестінен өтеді ("Болашақ" халықаралық стипендиясын тағайындау үшін үміткерлерге шет тілін білудің ең аз деңгейіне, екінші межелік деңгейге сәйкес).

***"Инженерлік-техникалық қызметкер", "докторантураға/резидентураға өз бетімен түскен", тағылымдама санаттары бойынша ғана.

**** "Жалпы конкурс", "магистратураға өз бетімен түскен" санаттары бойынша ғана.

***** "Жалпы конкурс" және "магистратураға өз бетінше түскендер" санаттары бойынша ғана, сондай-ақ "Болашақ" бағдарламасы шеңберінде шетелде мерзімі 6 айдан аспайтын тілдік курстардан өткен басқа санаттардағы стипендиаттар үшін.

Емтихандардың атаулары бойынша ақпарат:

IELTS (International English Language Testing System – Интернэйшэнал Инглиш Лэнгуич Тестинг Систэм) – ағылшын тілін білуді тестілеудің халықаралық жүйесі;

TCF (Test de connaissance du français - Тест де конэсонс дью фронсэ) – француз тілін білу тесті;

DELFI (Diplome d'Etudes en Langue Francaise – Дипломэ тьюд он Лонг Фронсэз) – француз тілін білуі туралы диплом;

DALF (Diplome Approfondi de Langue Francaise – Дипломэ Апрофонди ду Лонг Фронсэз) – француз тілін терең білуі туралы диплом;

HSK (Hanyu Shuiping Kaoshi - Ханьюй Шуйпин Каоши) – шетелдіктерді, қытай эмигранттарды және аз ұлттар өкілдерін қоса алғанда, қытай тілінде сөйлемейтін адамдардың қытай тілін білу деңгейін сертификаттауға арналған ҚХР мемлекеттік емтиханы;

Nouryekushiken (НорҰкушикэн) - жапон тілін білу деңгейін анықтау емтиханы;

TOPIK (Test of Proficiency in Korean – Тест оф Профишэнси ин Кориан) – корей тілін білу деңгейін анықтау емтиханы;

CILS (Certificazione di Italiano come Lingua Straniera – Цертификационе ди Итальяно комэ Лингуа Страниера) – шет тілі ретінде итальян тілін білу деңгейін растаушы сертификат;

CELI (Certificatos di Conoscenza della Lingua Italiana – Цертификатос ди Коношэнза делля Лингуа Итальяна) – шет тілі ретінде итальян тілін білу сертификаты;

Norskprøve, Bergentest (Нуржкпрэва, Баргентест) – шет тілі ретінде норвег тілін білу сертификаты;

PTIT (Profile Tourist and Informal Language Proficiency – Профайл Турист энд Информал Лэнгуич Профишэнси) – шет тілі ретінде голланд тілін білу сертификаты;

PAT (Profile academic and professional language proficiency - Профайл Акадэмик энд Профэшэнал Лэнгуич Профишэнси) – академиялық голланд тілін меңгеру деңгейін анықтау бойынша емтихан;

TestDaF (Test Deutsch als Fremdsprache – Тест Дойч альс Фремдшпрахэ) – Тест DaF Германияда оқу үшін қажетті неміс тілі деңгейін тексеретін тест. Бұл емтиханды әлем бойынша лицензияланған орталықтарда, сонымен қатар, Қазақстанда тапсыруға болады ;

Goethe-Zertifikat (ГҰте Цертификат) – Неміс тілін білуін растау үшін қажетті ГҰте-Институтының сертификаты. ГҰте-институтында сертификат алу үшін емтиханды ГҰте-институттарында да, біздің әріптестеріміз болып табылатын емтихан алу орталықтарында да тапсыруға болады;

OnSet (ОнСэт) – неміс тілі деңгейін анықтауға арналған тест;

DSH (Deutsche Sprachprüfung für den Hochschulzugang – Дойч Шпрахпрюфунг фюр ден Хохшультцуганг) – DSH емтиханы Германиядағы жоғары оқу орындарының біріне түсу үшін қажет. DSH емтиханы Германия жоғары оқу орындарында кезекті семестрлер басталғанға дейін 3-4 апта бұрын тапсырылады;

TOEFL (Test of English as a Foreign Language - Тест оф Инглиш ас э Форейн Лэнгуич) – шет тілі ретінде ағылшын тілі бойынша тест мынадай түрлерге бөлінеді;

ITP (Institutional Testing Program - Инститьюшэнал Тестинг Програм) – үміткерлердің тілдік дайындығын алдын ала анықтауға арналған бейресми тест;

PBT (Paper-based test – Пэйпер-бэйзд тест) – қағаз жеткізгіштегі ресми тест;

IBT (Internet-based test – Интернет-бейзд тест) – Интернет арқылы тапсырылатын ресми тест.

YKI (Yleiset Kielitutkinnot – Уляиссэт Киелитуткиннот) – фин тілін меңгеру деңгейін анықтау бойынша емтихан;

DAAD (Deutscher Akademischer Austauschdienst – Дойчэ Акадэмишер Аустаушдинст) – неміс академиялық алмасу қызметі;

PMT (Profile societal language proficiency – Профайл Сосайэтал Лэнгуич Профишэнси) – ауызекі голланд тілін меңгеру деңгейін анықтау бойынша емтихан;

PPT (Profile professional language proficiency - Профайл Профэшэнал Лэнгуич Профишэнси) – кәсіби голланд тілін меңгеру деңгейін анықтау бойынша емтихан.